



**«Мемлекеттік техникалық қызмет»
акционерлік қоғамы**

**«Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы**

«Мемлекеттік техникалық қызмет»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 26 шілдедегі № 6
шешімімен бекітілген

**«МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Астана қ., 2023 ж.

1. Қолданылу аясы

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) сыбайлас жемқорлық бағыттағы іс-қимылдарға не жататынын айқындайды, сыбайлас жемқорлық сипаттағы оқиға туындаған жағдайда «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері іс-әрекеттерінің тәртібін белгілейді.

2. Осы құжат Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

3. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең аз қажетті талаптар болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеу ретінде қаралмауға тиіс.

2. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Нұсқаулықта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлық – Қоғам жұмыскерлерінің және лауазымды тұлғаларының өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

2) пара - пара берушінің немесе оның өкілі болған тұлғалардың пайдасына жасаған іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін өзі немесе басқа адамдар үшін материалдық құндылықтардың барлық түрлері (ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы табыс), егер мұндай іс-әрекеттер (әрекетсіздік) осы тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, не ол қызметтік жағдайына байланысты осындай іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін;

3) парамен коммерциялық сатып алу - коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын атқаратын тұлғаға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оның өзінің қызмет бабын пайдалануы, сондай-ақ сатып алушы тұлғаның мүддесіне жалпы қамқорлығы немесе қызметі бойынша салғырттығы үшін оған мүліктік сипатта заңсыз қызмет көрсету;

4) лауазымды тұлға – Қоғамның Басқарма немесе Директорлар кеңесінің мүшесі, сондай-ақ Қоғамда мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша шешімдер қабылдауға өкілеттік берілген тұлға;

5) жұмыскер – Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрған және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын жеке тұлға;

6) мүдделер қақтығысы – жұмыскерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Қоғам жұмыскерлерінің және лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын

алу, оның ішінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлық бағыттағы және парамен коммерциялық сатып алудың ықтимал жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары жөніндегі ұсынымдар

5. Сыбайлас жемқорлық бағыттағы және парамен коммерциялық сатып алудың ықтимал жағдайлары:

5.1. Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүзеге асырылып, жүргізілетін рәсімдердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді және әлеуетті өнім берушілердің сатып алуға қатысуын оңайлатады. Бұл сыбайлас жемқорлық көріністердің төмендеуіне де айтарлықтай ықпал етті. Дегенмен, мемлекеттік сатып алудың үш кезеңінде бірге, сондай-ақ бөлек көрініс табуы мүмкін сыбайлас жемқорлық бағыттағы тәуекелдер сақталуда.

1) Құнын жоғарылатып лоттың сомасын жоспарлау.

2) Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін техникалық ерекшеліктерін және әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын қалыптастыру.

3) Шартты орындау (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қабылдау). Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес келмейтін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қабылдау. Әлеуетті өнім берушілерді немесе өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінбеу немесе уақытылы жүгінбеу.

Мұндай жағдайлар вендорлардың, өнім берушілер мен әлеуетті өнім берушілердің өкілдерімен өзара іс-қимыл кезінде болуы мүмкін.

Вендорлардың, өнім берушілер мен әлеуетті өнім берушілердің өкілдері тарапынан араңдатушылықтарға жол бермеу мақсатында әртүрлі шақырулардан, жеке ұялы байланыс құралдары бойынша түрлі мессенджерлерде хат алмасулардан және т.б. сақтану ұсынылады.

Қоғам жұмыскерлеріне басшылық, соның ішінде Қоғамның лауазымды тұлғалары тарапынан әлеуетті өнім берушілерге белгілі бір техникалық ерекшелікті қолдануға және (немесе) белгілі біліктілік талаптарын белгілеуге бейімділікке назар аудару қажет. Мұндай жағдайларда Қоғам жұмыскерлері Қоғамның комплаенс-офицерін хабардар ету бойынша шаралар қолдануға тиіс.

Вендорлармен, өнім берушілермен және әлеуетті өнім берушілермен (немесе олардың өкілдерімен) коммуникацияларды Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен өзге ішкі құжаттарына қатаң сәйкестікте жүзеге асыру.

5.2. Қоғам көрсетіп, олардың шеңберінде хаттамалар, қорытындылар, рұқсаттар және т.б. берілетін қызметтер екінші тараптың (серіктестің, клиенттің) оң нәтиже алуға мүдделілігін көздейді. Сәйкесінше, қызметтерді көрсету барысында Қоғамның жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық бағыттағы көріністерге тап болуы мүмкін.

6. Қоғамның жұмыскерлері өте сақ, ұқыпты болып, құқық бұзушылық жасауға әзірлік ретінде түсіндірілуі мүмкін болатын ағат сөйлеуге жол бермеуге тиіс.

7. Кейбір сөздерді, пікірлер мен ишараттардың айналадағылар пара беру туралы өтініш (тұспал) ретінде қабылдауы мүмкін.

Мұндай сөздерге мыналар жатады, мәселен:

- «Мәселені шешу қиын, бірақ мүмкін»;
- «Рақметті нанға жағылмайды»;
- «Қане, не істейміз?»;
- «Әрине, мұны шешуге болатын нұсқалар бар» және т.б.

7.1. Ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе олардың арасында пайдасы Қоғам жұмыскерлерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты болатындармен белгілі тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш (тұспал) ретінде қабылдануы мүмкін.

Осындай тақырыптардың қатарына мыналар жатады, мәселен:

- еңбекақының төмен деңгейі және ақша қарыжысының жетіспеушілігі;
- қандай да бір мүлік сатып алуға, қандай да бір қызмет алуға, туристік сапарға аттануға және т.б. ұмтылыс.

7.2. Қоғам жұмыскерлері тарапынан белгілі бір ұсыныстар, әсіресе олар пайдасы Қоғам жұмыскерлерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты ұйымдардың өкілдеріне және азаматтарға айтылса, лоббизм және (немесе) сыбайлас жемқорлық схемасы ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл тіпті осындай ұсыныстар жақсы ниетпен айтылып, Қоғам жұмыскерінің жеке пайдасымен ешқандай байланысы болмаса да мүмкін.

Мәселен, мұндай ұсыныстарға мыналар жатады:

- айқындалған бұзушылықтарды жою және т.б. үшін нақты бір компанияның және (немесе) сарапшының қызметтерін пайдалану.

4. Қоғам жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдаған кездегі іс-қимылдары

8. Егер сізден пара алу үшін бопсаласа:

- мұқият тыңдап, Сізге ұсынылған шарттарды дәл есте сақтау (сомалардың өлшемдерін, тауарлардың атауы мен көрсетілетін қызметтердің сипатын, пара беру мерзімдерін, әдістерін, парамен коммерциялық сатып алу нысанын, мәселелерді шешу реттілігін);

- параға берілетін және(немесе) парамен коммерциялық сатып алынатын затты беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімелескенге дейін қалдыруға тырысу, егер диалог барысында қолайлы болса, келесі кездесу үшін Сізге жақсы таныс орынды ұсыну;

- әңгімелесу кезінде бастамашылықты өзіңізге алмаңыз, «қабылдауға» көбірек жұмыс істеңіз, әңгімелесушінің сөйлеп, Сізге барынша көбірек ақпарат айтуына мүмкіндік береңіз;

- Сіз пара беруге немесе парамен коммерциялық сатып алуды жасауға келісім берген жағдайда, Сіздің мәселеңіздің шешілуі кепілдіктері туралы сұраңыз;

- кеңесшілері кейінгі қадамдар туралы толық түсіндірмелер беретін немесе сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау үшін шұғыл әрекет етуді қамтамасыз ететін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығына ұялы немесе стационарлық телефоннан **1424** ақысыз нөмірі бойынша қоңырау шалу.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар, осы нұсқаулыққа сәйкес Қоғамның комплаенс-офицерін хабарландыру бойынша шаралар қолдану.

5. Қорытынды ережелер

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) тұлға Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет қорғауында болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көтермеленеді.